

## ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

### «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ «САУЫҚТЫРУҒА 10 ҚАДАМ» БАСТАМАСЫ

(Жалғасы, басы өткен санда.)

#### 1 ҚАДАМ. Деңсаулық жағдайын бағалау (скрининг)

Кезеңді медициналық байқауға қосымша ретінде тәжірибеге жұмыскерлердің деңсаулығын мақсатты скринингті тексерулерді енгізу өзекті мәселе болуда. Скрининг – бұл алдын-алу медициналық байқау, оның негізгі мақсаты сырқаттарды ерте кезеңде анықтау және дамуды алдын алу, сырқаттарға алып келетін қауіп факторларын анықтау, өткізілетін алдын-ала және кезеңді медициналық байқаулардың сапасын бақылау, жұмыскерлер деңсаулығын қалыптастыру мен нығайту болып табылады. Скринингтің артықшылықтары: арзан бағалы, жоғары мағлұматты және қолдануға ыңғайлы, тікелей жұмыс орнында немесе ұйымның территориясында негізгі жұмыстан үзіліссіз тексеруді өткізу мүмкіндігі.

Атап айтқанда, скринингтер ауру қаупінің жүрек-тамыр факторларына-жоғары артериялық қысым (гипертония) және қан сарысуындағы холестерин деңгейіне бағытталған жағдайда жоғары әсерін тигізеді. Гипертония және артериялық гипертензия жеңіл анықталады, емнің көптеген нәтижелеріне ие. Бірақ та, негізгі проблема орын алуда – көпшілік жоғары қысымдары бар екендігін да сезбейді. Қазіргі уақытта жастардың басым бөлігінде жоғары артериялық қысым анықталынады. Ал, артериялық гипертензия – бұл инфаркт, инсульт нәтижесіндегі өлім сияқты жағдайлар дамуының негізгі себебі болып табылады.

Жоғары артериялық қысым әлемдегі өлім-жітім қаупінің негізгі ғаламдық факторы, және де әлемдегі бүкіл өлім жағдайларының 13 %-ның себебі болып табылады. Әсіресе, 40 жастан асқанда жүйелі түрде скринингтен өту аса маңызды.

**С.МЫҢБАЕВ,**  
**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ**  
**Басқарма төрағасы.**  
(Жалғасы келесі санда.)



**Қазан айының соңғы күні  
Елбасының Жарлығымен  
«Еңбек күні» болып  
бекітілген болатын.  
Атаулы мерекеге орай жуырда  
Астанада еңбек форумы өтіп,  
«Еңбек жолы» байқауының  
жеңімпаздары анықталды.**

## МАҚТАНЫШЫМЫЗ

### АЙБЕК - ӨНДІРІСТІҢ ҮЗДІК ЖАС МАМАНЫ

Аталмыш байқауға Атырау облысынан әріптесіміз, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай өндіру операторы Айбек ТҰРСЫНБЕК «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясы бойынша қатысып, жеңімпаз атанды.

Жас та болса алғыр маман байқаудың талаптарына сай барлық шарттарын орындап, қызметі бойынша шығармашылық жұмыстарын (презентация, бейнеролик) ұсынды. Нәтижесінде, облыстық кезеңнен оза шығып, республикалық кезеңге жолдама алды. Еліміздің 14 облысы мен Алматы, Астана қалаларының үздік мамандары қатысқан байқауда Айбек Атыраудың намысын абыроймен қорғады. Үздіктер шығармашылық тапсырмалардың сапалылығы және электронды дауыс беру нәтижесімен анықталды.

Мұндай марапаттау бірінші кезекте жастарға үлгі болса, екіншіден, еңбек иелерін насихаттау болып табылады.

## ЖАРАЙСЫҢ, АЯН!



### ЕМБІЛІК МҰНАЙШЫ – ӘЛЕМ ДОДАСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ

Әріптесіміз «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің мұнайды дайындау және тасымалдау шебері Аян ТАЙЖАНОВ Марокконың Касабланканың қаласында самбо күресінен өткен әлем чемпионатында қола жүлдегер атанды. 90 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен әріптесіміз аталған спорт түрімен

20 жылдай уақыт бойы айналысып келеді. Әлем көз тіккен байрақты бәсекеде 30 елдің мықты палуандары бақ сынасты. Самбо күресінен спорт шебері Аян Тайжанов бұған дейін дзюдо, қазақ күресінен республикалық жарыстардың да жүлдегері атанған болатын.

## ҚАРТТАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУ – ПАРЫЗ

«Доссормұнайгаз» МГӨБ ұжымы жыл сайын Қайырымдылық айына орай үлкен шаралар ұйымдастырылып келеді. Осы жолы да асыл қазынамыз – қариялары-



мызға дәстүрге сәйкес құрмет көрсетіледі. Басқарма бастығы Амангелді Сүлейменов, кәсіподақ комитетінің төрағасы Серік Исақов қарттар күнімен ардагерлеріміз Барсай Байболатов, Манзура Бахитова, Қоңырбай Болшақов, Мухамбетияр Желдібаев, Назипа Нұрғалиева, Дина Шағраеваны арнайы үйлеріне барып құттықтап, тарту-таралғы ұсынды. Ардагерлер мен тыл еңбеккерлері меймандарды құшақ жая қарсы алып, марқайып қалды.

– «Қариясы бар елдің дариясы бар» демекші, сіздердің ақыл – парасаттарыңызға кейінгі ұрпақ – біз әрдайым мұқтажбыз. Арамызда ақылшы болып жүре беріңіздер, ардақты жандар! Шаңырақтарыңызға құт-береке тілейміз!» - деп **ДМГ Басқарма бастығы Амангелді Сүлейменов** жүрекжарды тілегін жеткізді.

Облыс орталығында тұратын ардагерлердің бірі – Қоңырбай Болшақов. Ол көп жылдар бойы Ескене кәсіпшілігінде ерен еңбегімен көзге түскен, Ұлы Отан соғысының от-жалын жылдарында еңбекке араласқан. 1944 жылы 16 жасында Ескене дизель электр стансасында жөндеуші болып еңбек жолын бастады. Кейін мұнай өндіру учаскесіне ауысты да, токарь мамандығын меңгерді. Жастарды тәрбиелеп шығаруға ерекше үлес қосты. Сонымен бірге ол қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Кәсіподақ тобының мүшесі ретінде мұнайшылардың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселесіне тиісті көңіл бөлетін. «Зұлмат жылдары талай қиындықты басымыздан өткердік» дейді қарт ардагер. Міне

осындай естеліктер 90 жастағы кейуананың мәңгі есінде қалған. Десе де ол қазір бақытты. Егде жасына қарамастан өзі тұрып жүре алады. Басында – баспанасы, қасында балалары бар.

Басқармамызда Ұлы Отан соғысының бір ардагері, он тоғыз тыл ардагеріміз, Ауған соғысына қатысушы – төрт, Чернобыльге қатысқан – бір және Семей полигонына қатысқан – төрт жұмысшымыз бар.

Қарттар күні мейрамында ардагерлер мен зейнеткерлердің басын қосып, ақ дастархан жайып, мерекелік ас ұйымдастырылып отырады. Мәнді де мағыналы әңгімесін «Біз де жас болғанбыз» деп бастап, сонау жастық шақтан күні бүгінге дейін басынан өткерген өмір баспалдақтарынан сыр шертетін қариялардың әрбір ұлағатты сөзі, өскелең ұрпаққа мол тәрбие. Олардың өмір жолдары – бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қазыналы жандарға ұйымдастырылған отырыста замандастардың әзілдері жарасып, арқа-жарқа болады. Жақсы іске жаны құмар жастар аға буын өкілдерінің ықыласына бөленіп, баталарын алып отырады. Қайткенде де, қарттардың көңілдері көтеріңкі. Өздерінің жас буынға қажет екендерін сезінгендей. Осы орайда, «біздің асыл қазынамыз – қариялар» деп пайымдайтын жастар шын тілектерін білдіріп, еңбектің зейнетін көріп отырған шақта әр ұрпаққа игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытқаны үшін алғыстарын білдірді.

Әлеуметтік бағдарламалар мәліметі бойынша, қазір 500-ден астам зейнеткеріміз бар. Басқарманың назарынан ардагерлердің, ең алдымен, соғысқа қатысқандар мен мүгедектердің, тыл еңбеккерлерінің дәрігерлік көмекпен қамтылуы, олардың шипажай-курорттық емделуі, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуі тыс қалып көрген емес. Басқарма зейнеткерлеріне де әртүрлі әлеуметтік қолдау көрсетіліп келеді. Оларға жыл сайын шипажайларда демалуға ақша бөлінген және зейнеткер емделген жағдайда барлық емге шыққан шығындары басқарма атынан өтеледі. Мерейжасқа толған және дүниеден озған зейнеткерлерімізге ақшалай көмек көрсетілуде. Басқарманың

барлық жұмысшылары мен зейнеткерлері әлеуметтік қолдау жағынан осындай көмектермен қамтылған.

**Жанат АРЫСТАНОВА,**  
**«Доссормұнайгаз»**  
**МГӨБ-нің**  
**әлеуметтік**  
**қамсыздандыру**  
**бөлімінің маманы.**



## ЕМБІЛІКТЕР ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАҒА ҚОЛҰШЫН СОЗДЫ

Қазіргі қарбаласқа толы өмірде қайырымдылық шараларына қатысу, мұқтаж жандардың жанынан табыла білудің өзі ерлікке тең. ЕМГ күрделі құрылыс департаменті қызметкерлерінің игі бастамасымен ембіліктер әлеуметтік жағдайы төмен Шолпан Абдуллаева есімді жалғызбасты анаға қаржылай көмек көрсетті.

Баспанасыз, екі баламен далада қалған ана барар жері, басар тауы болмай, қазіргі кезде үй жалдап күнелтуге мәжбүр. Сол себепті, тапқан табысының көп бөлігі үйдің ақысына жұмсалынады. Балалары үшін тыным таппай еңбек етіп, барынша жағдай жасауға тырысқан ананың жан айқайын естіген аталған департамент қызметкерлері әріптестеріне ұсыныс жасап, нәтижесінде ембіліктер өз еріктерімен қаржы жинап, 300 мың теңгеден астам қаржылай көмек көрсетті. Жоқшылықтың тауқыметін тартып отырған ана ембіліктерге алғыс айтып, жақсылықтарының өздеріне еселене қайтуына тілек білдірді.



## САНДЫҚ ЖҮЙЕ САПАНЫ ЖАҚСАРТАДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған өзекті мәселелерді насихаттау, кеңінен түсіндіру мақсатындағы облысымызға сапары аясында **ҚР премьер-министрінің орынбасары Асқар ЖҰМАҒАЛИЕВ** «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде болды. Сапар барысына **Атырау облысының әкімі Нұрлан НОҒАЕВ, ҚР Энергетика министрлігінің вице-министрі Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ, Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік ШАПКЕНОВ** басқа да ресми тұлғалар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Бас кеңседегі Өндірісті процесті бақылау



орталығында болған ҚР премьер-министрінің орынбасары Ембінің өндірісі барысымен, Компанияның «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасымен танысты. Ембілік мамандар Уаз кен алаңында енгізілген тұжырымдама туралы толығырақ айтып берді.

– Тұжырымдаманың енгізілуе орай, электр энергиясын пайдалану 30%-ға азайып, ұңғымаларды жөндеуаралық мерзімі айтарлықтай қысқарып, олардың тәуліктік өнім өндіру көрсеткішіне есеп жүргізуге мүмкіндік туды. 2017 жылы бұл жоба «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен алаңына енгізілсе, 2018 жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Жаңаталап кен алаңына қолға алын-

ды. 2024 жылға дейін ЕМГ-ге қарасты 12 кенішке тұжырымдама таратылады, - деп атап өтті өз сөзінде **ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат ГАБДУЛЛИН**.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында Атырау өңіріне келген **ҚР Парламенті Мәжілісінің және «Нұр Отан» партиясының депутаттары Бейбіт МАМРАЕВ пен Мейрам ПІШЕМБАЕВ** та Компанияның бас кеңсесінде болды. Сондай-ақ, топтың құрамында **Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік ШАПКЕНОВ** пен **«Нұр Отан» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрлыбек ОЖАЕВ** болды. Меймандар, компанияның интерактивті мұражайы мен өндірістік процесті жедел басқылау орталығының жұмыстарымен танысты.

– Қазақстан халқына Жолдауында «Индустрияландыру жобасы жаңа технологияларды енгізуде көшбасшы болуы тиіс», – деп атап өтті. Осы бағытта «Ембімұнайгаз» АҚ негізгі қызметінің барысында тың бастамалар мен жаңалықтарды жүзеге асыруда. Осындай бастаманың бірі – Уаз кен алаңында 2016 жылдан жүзеге аса бастаған «Интеллектуалды кен алаңы» пилоттық жобасы. Кен алаңындағы өндірістік процестердің ақпараты онлайн режимінде дереу осы орталыққа түседі және бір мезетте Астана қаласындағы бас кеңсеге де түсіп тұрады, - деді аталған орталығының жұмысымен таныстырған **өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат НСАНБАЕВ**.

Мұнай өндіру процестерін оңтайландыру, өндіріс барысында туындаған мәселелер бойынша жедел шешім қабылдау және тал-

### ЖОЛДАУДЫ ҚОЛДАУ

дау мақсатында жүзеге асып жатқан жоба «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді. Аталған жобаның жұмысына оң бағасын беріп, компанияның цифрландыру бағытында айтарлықтай жетістіктерге жеткендігін ерекше атап өтті.

«Интеллектуалды кен алаңы» жобасының мақсаты:

- Мұнай өндіруді және басқа да жалғаспалы бизнес процестерді оңтайландыру бойынша жедел шешім қабылдау және талдау, мониторинг жүргізу үшін компанияның өндірістік процестерін өндірісті жедел басқару Орталығына шынайы уақыт режимінде түсетін ақпараттарды бұдан әрі қорытындылау және бизнес-процестерді автоматтандыру,
- Жетілген активтерде – табыстылық, мұнай беру және жалпы дайындау мерзімін созу бойынша міндеттердің мақсатқа сәйкес дайындаудың соңғы кезеңдерінде жоғары суландырылған кен орындарға қолданылатын басқарушылық шешімдер қабылдауды қолдау.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

## ҚҰРМЕТТІ «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Енді қауіпсіздік саласындағы құқық-бұзушылықтар, сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану жөніндегі ақпаратты WhatsApp әлеуметтік желісі және SMS хабарламамен жіберуге болады. Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

**«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстар қызметі**





## ЦИФРОВИЗАЦИЯ

**22-23 октября текущего года в АО «Эмбамұнайгаз» (далее ЭМГ или Компания) состоялся визит руководителей и представителей национальных компаний, ответственных за IT –сектор и производство.**

В двухдневном визите на производственные объекты и в головной офис ЭМГ приняли участие - заместитель председателя Правления по разведке, добыче и нефтесервисам АО «Национальная Компания «КазМунайгаз» (далее НК КМГ), генеральный директор АО «Разведка Добыча «КазМунайгаз» К.О. ИСКАЗИЕВ, управляющий директор департамента IT АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» (далее Самрук-Казына) Д.Ж. КЕРЕЙБАЕВ, руководитель офиса IT и цифровизации Самрук-Казына .А. САКРЮКИН, управляющий директор по добыче нефти и газа НК КМГ М. Ж. САЛИМГЕРЕЕВ, управляющий директор по IT и трансформации НК КМГ Д. Н. САЛОВ, директор департамента автоматизации производственных процессов НК КМГ Т. К. МАХАМБЕТОВ.

В первый день визита, члены делегации посетили месторождение Уз в Кызылкогинском районе, разрабатываемое нефтегазодобывающим управлением ЭМГ – НГДУ «Кайнармұнайгаз» и на котором в 2016 г. был успешно реализован проект «Интеллектуальное месторождение».

На месторождении представителей Самрук-Казына» и НК КМГ подробно ознакомили с действующим производственным процессом, а также техническим решением по реализованному проекту «Интеллектуальное месторождение» с посещением всех этапов данной системы – диспетчерской операторов, интеллектуальных станций управления, установленных на штангоглубинных и электровинтовых насосах, автоматизированной групповой замерной установки (далее АГЗУ), резервуара РВС, печей подогрева нефти с автоматической противоаварийной защитой и автоматическим розжигом, и узлов оперативного учета нефти, воды и газа. Была наглядно продемонстрирована инфраструктура по передаче данных, разработанное и внедренное специали-

# ДВА ДНЯ НА ЭМБЕ

тами ЭМГ программное обеспечение, поддерживающие системы и т.д.

Далее в актовом зале вахтового поселка «Кайнар» состоялась презентация по итогам масштабной работы специалистов Компании по проекту «Техническое обслуживание и ремонт оборудование» (далее ТОиР). В ходе презентации была представлена информация о целях, задачах и эффективности внедрения проекта. В продуктивной системе учета ТОиР были наглядно продемонстрированы возможности системы в части создания сообщений об отказах оборудования, создания заказ-нарядов и списания товарно-материальных запасов (далее ТМЗ). Дополнительно была презентована информация по итогам двухгодичной кропотливой работы специалистов департамента нормативно-справочной информации, в результате которой были составлены справочники ТМЗ, оцифрованы данные по всем единицам оборудования, техническим местам, и разработаны технологические карты. В ходе презентации, на примере учета насосно-компрессорных труб (далее НКТ), была представлена информация о реализованном бизнес-процессе по учету и движению труб НКТ в системе SAP ERP в рамках проекта ТОиР.

В ходе посещения нефтегазодобывающего управления «Жылыоймұнайгаз», делегация ознакомилась с процессом тиражирования «Интеллектуального месторождения» на Прорвинской группе





Напомним, что в результате внедрения проекта «Интеллектуальное месторождение», потребление электроэнергии сократилось более чем на 30%, снизились удельные затраты на ремонт скважин, по каждой скважине ведется круглосуточный учет добываемой нефти. Проект «Интеллектуальное месторождение» ЭМГ включен в государственную программу «Цифровой Казахстан» и получил положительную оценку Главы Государства в ходе посещения Центра визуализации в августе 2018 года. В 2017 г. проект был тиражирован на месторождениях Провинской группы месторождений НГДУ «Жылыоймунайгаз». В 2018 году внедряется на месторождении «Жанаталап» НГДУ «Жайыкмунайгаз». До 2024 года по компании будут оцифрованы 11 месторождений.

визуализации специалисты ЭМГ показали, как в онлайн-режиме с различных систем поступает информация о ходе производственной деятельности для оперативного контроля и мониторинга за объектами, а также принятия на их основе управленческих решений. В частности, были продемонстрированы - автоматизированная система управления технологическими процессами по НГДУ «Кайнармунайгаз», информационный банк данных по каждой скважине в разрезе всех месторождений ЭМГ, мониторы видеонаблюдения с производственных объектов, системы контроля за ремонтными бригадами и мониторинга транспорта. На примере проекта «Интел-





## РД КМГ ОЖИДАЕТ УВЕЛИЧЕНИЯ КОЛИЧЕСТВА ЗАЯВОК ПО ВЫКУПУ ПРИВИЛЕГИРОВАННЫХ АКЦИЙ

АО «Разведка Добыча «КазМунай-Газ» (РД КМГ) продолжает обратный выкуп своих привилегированных акций. На площадке KASE в настоящее время осуществляется сбор заявок для проведения пятого раунда специализированных торгов по выкупу акций РД КМГ. Между тем по итогам предыдущих торгов РД КМГ выкупила 35,6 процента от общего количества привилегированных акций, находящихся в свободном обращении на момент запуска программы выкупа. Напомним, 13 августа РД КМГ объявила о выкупе своих привилегированных акций в количестве до 1 905 209 акций, находящихся в свободном обращении. Заместитель генерального директора по экономике и финансам РД КМГ Дастан Абдугафаров рассказал, какая работа проводится со стороны РД КМГ в рамках программы обратного выкупа привилегированных акций.

### Дастан Елемесович, каковы итоги прошедших 4 раундов специализированных торгов?

На текущий момент РД КМГ выкупила 679 560 привилегированных акций на общую сумму более 8,7 миллиарда тенге. Это по итогам четырех раундов специализированных торгов, следующая дата расчетов будет 1 ноября. Сам же выкуп, как известно, продлится до 16 ноября. То есть у акционеров еще достаточно времени для оформления документов и прохождения всех необходимых процедур.

На сегодняшний день большинство профессиональных участников финансового рынка продали свои акции в рамках программы выкупа привилегированных акций РД КМГ. Непрофессиональным участникам рынка требуется значительно больше времени для прохождения соответствующих процедур для продажи своих акций. Следует отметить, что в общей совокупности большей частью привилегированных акций владеют физические лица. В настоящее время наблюдается рост заявок от физических лиц, в среднем в день подается более 50 заявок.

### Проводится ли разъяснительная работа с акционерами по вопросам выкупа акций?

Конечно. Мы провели встречи с акционерами, участие в которых приняло руководство РД КМГ и АО НК «КазМунайГаз». Встречи были открытыми, любой акционер мог задать интересующий его вопрос и получить исчерпывающий ответ. Кроме того, совместно с АО «Казпочта» был организован call-центр с бесплатным звонком по номеру 1499, сотрудники которого прошли специальное обучение по данной программе. Если в call-центре затрудняются ответить на вопрос, то перенаправляют к компетентным сотрудникам. Учитывая, что многие работники офисов АО «Озенмұнайгаз» и АО «Эмбамұнайгаз» (ОМГ и ЭМГ - прим. ред) являются держателями привилегированных акций РД КМГ, пошаговые инструкции по механизму выкупа были размещены на всех телеэкранах в столовой и лифтах ОМГ, ЭМГ и РД КМГ, также были распространены лифлеты в офисах этих компаний и в отделениях АО «Казпочта» в городах Атырау и Жанаозен. Мы пишем об обратном выкупе привилегированных акций из номера в номер на страницах корпоративных газет, которые весьма популярны среди наших работников. Дополнительная информация размещается в республиканских и местных СМИ. Результаты каждого раунда также открыты и публикуются на сайте KASE и официальных сайтах КМГ и РД КМГ.

### Выше Вы отметили, что каждому акционеру необходимо пройти определенные процедуры для продажи своих акций. Что включают в себя эти процедуры?

Во-первых, самостоятельно принять решение о продаже своих привилегированных акций. Затем заключить договор с брокером АО «Казпочта» либо с любой другой брокерской компанией на открытие брокерского счета. При этом РД КМГ взяла на себя расходы физических лиц на услуги АО «Казпочта» как трансфер-агента и брокера. В случае если в

## ИНТЕРВЬЮ



городе нет офиса регистратора, то необходимо обратиться к трансфер-агенту АО «Казпочта» и подать приказ на списание акций. После этого уже необходимо подать непосредственно приказ на зачисление акций, а затем приказ на участие в специализированных торгах на бирже. После определения очередных дат расчетов акционеру необходимо обратиться к брокеру и подать поручение на зачисление денежных средств. Всю подробную информацию о процедуре выкупа привилегированных акций РД КМГ можно найти на корпоративном сайте РД КМГ.

### Какие последствия ждут акционера, если он не продаст свои акции?

Как было заявлено ранее, после завершения программы обратного выкупа планируется провести делистинг привилегированных акций, соответственно торги по ним будут прекращены, то есть акционеры уже не смогут продать свои акции на Казахстанской фондовой бирже по рыночной цене. Кроме того, как известно, сегодня в группе компаний КМГ проходит масштабная оптимизация, в том числе рассматривается вопрос и по прекращению деятельности РД КМГ. В таком случае все акции (простые и привилегированные) подлежат аннулированию в порядке, предусмотренном законодательством об акционерных обществах. Как известно, принятие решения о продаже принадлежащих акционеру привилегированных акций является правом акционера и зависит исключительно от его собственного усмотрения. Акционеры, владеющие привилегированными акциями, должны самостоятельно принять решение о том, продать или не продавать принадлежащие им привилегированные акции с учетом всех перспектив, факторов и рисков.

## ЕМБІ ЖОБАЛАРЫ

ЖАҢА ЖҮЙЕНІҢ  
ТИІМДІЛІГІ БАСЫМ

Қорларды басқару жүйесі. «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы мамандарының айтуынша, аталмыш жоба тиімділігін дәлелдеп, жұмысты айтырлықтай жеңілдетті.

– Бұл бағдарламалық жасақтама жабдықтарды реттеуге мүмкіндік береді. Әр элемент өзінің нөміріне сәйкес әр стеллажда, нақты тізбек бойынша сатылы түрде орналасқан. Ең бастысы, қорды түгендеу-хаттау кезінде бекітілген нөмір арқылы кез келген затты оңай-ақ табуға болады, - дейді **№1 шаруашылық тауарлар және резеңкелі-техникалық бұйымдар қоймасының меңгерушісі Гүлжамал МЕЙІРМАСHEBA.**



Қазіргі таңда аталған өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасы базасында 7 орталық қойма бар. Соның ішінде, шаруашылық-тұрмыстық тауарлар, жұмысшылардың арнаулы қорғаныс киімдері сақталатын бірінші қойма, мұнай жабдықтарын сақтауға арналған оныншы қойма және құрылыс материалдары сақталатын төртінші қойма стеллаждармен толықтай қамтылған. Мамандар алдағы уақытта жанар-жағармай, электр тауарлары, кабельдік өнімдер, құбырлар, металл-прокат, химиялық реагенттер, резеңкелі-техникалық бұйымдар сақталатын өзге де қоймаларды жабдықтау жоспарланып отырғанын айтады. Айта кетсек, бүгінгі таңда қойма шаруашылығы және орталықтандыру-жеткізу учаскесінде 41 адам еңбек етеді. Оның ішінде, 7 қойма меңгерушісі болса, 21 жүк қармалаушы, 6 қоймашы, 1 жүктерді түсіріп-тиеу шебері, 3 экспе-

дитор, Жамансор базасында 1 қойма меңгерушісі, 1 еден жуушы және учаске басшысы еңбек етуде.

– Қызметкерлердің жұмысы аса үлкен жауапкершілікті талап етеді, - дейді **учаске басшысы Аманжол ТАХАНОВ.** – Мәселен, жыл басынан бері өткен тоғыз айда **205 мыңнан астам бұйым, техника-құралдар** базаға келген. Бұл шамамен ай сайын 25 мыңға жуық бірлікті көрсетеді. Олардың әрқайсысын тіркеп, электронды базаға енгізіп, өз орнына орналастыру осы қойма жұмысшыларына міндеттелген. Ал, өндіріске қажетті құрал-жабдықтарды Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне жеткізу үшін ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында соммасы **3 миллион 145 мың теңгеден** астам қаражатты құрайтын техника-құралдарға **324 рет тасымал** ұйымдастырылды. Айта кетсек, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не 80 рейс жөнелтілсе (745 мың теңгеден астам), «Жыыой-мұнайгаз» МГӨБ-не – 74 (1 миллиард 18 миллион теңгеден астам), «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не – 77 (590 мыңға жуық теңге), «Қайнар-мұнайгаз» МГӨБ-не – 56 (676 мың теңгеге жуық), ӨТҚЖЖК басқармасына – 23 (35 мың теңгеден астам), «Ембімұнайэнерго» басқармасына – 14 рейс (95 мың теңгеден астам) жөнелтілді. Яғни, әр заттың келуі және оны мақсатты жеткізу – біздің қызметкерлеріміздің мойынында.

Айта кетсек, жоба қордағы жабдықтарды қоюға арналған стеллаждарды нөмірлеу арқылы жұмыс процесін оңтайландыру мақсатында өткен жылдың қазан айынан бастап жүзеге аса бастады. Бұған дейін қорларды басқару жүйесі мүлдем болмаған. Яғни, әр зат стеллажда ғана тұрғанымен, арнайы нөмірлері бекітілмеген болатындықтан, SAP жүйесіне енгізілмеген. Ал, қазір жобаны жүзеге асыру арқылы

жұмыс біраз жеңілдеді, материал-бұйымдар реттелді. Мұның өзі қоймадағы заттарды «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшелеріне жіберген кезде тез тауып алуға оң ықпалын тигізеді. Өйткені, қаламсаптан бастап, өндірісте қолданылатын алып тұрбаларға дейін электронды базаға енгізілген. Яғни, енді әрбір бұйым-техниканың өз нөмірі бар.





## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

ЖҰМЫС  
УАҚЫТЫНДА  
ДЕНЕНІ СЕРГІТУГЕ  
УАҚЫТ ТАБАДЫ

Жуырда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы жөнінде барлық еншілес компаниялар қызметкерлеріне Үндеу жолдаған болатын. Осыған үлгі ретінде, салауатты өмір салтын ұстанып, ағза энергиясын және жұмысқа деген физикалық белсенділікті арттыру мақсатында жұмыс уақытында сергіту жаттығуларын жасауға уақыт тауып жүрген Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің игі бастамасы жөнінде айта кеткіміз келеді. Аталған департамент қызметкерлерінің әр жұмыс күні таңғы сергіту жаттығуларынан



басталады. Қызметкерлер жаттығулар жүйесі бойынша, қол, мойын, бас, аяқ, бел қимылдарын жасап, денені сергітеді. Сергіз сағат бойы тапжылмастан компьютер алдында отыратын кеңсе қызметкерлері үшін сергіту жаттығулары - саулықты сақтаудың бірден бір жолы. Бұл бастаманың күн

тәртібіне енгеніне екі айдай уақыт өткен.

Идея авторы осы департамент директорының орынбасары Ғибрат Аугановтың айтуынша, мұндай көпшілікке арналған жаттығулар дене қыздырып қана қоймай, ұжымдық рух береді, әрі ұжымның басын қосқандықтан, қызықты өтеді.

- Қазіргі таңда «ұжымдық жаттығулар» термині қолданысқа кеңінен енуде. Өйткені, денені шынықтыру, физикалық жаттығулар жасауға, негізінен, уақыт та жетпей жататыны жасырын емес. Осыған орай, әріптестерімізбен бастама көтеріп, ұсынысымызды департамент директоры Гүлбану Әбутәліпқызы Шарафетдинова қолдады. Жұмыс уақытында физикалық белсенділікті арттыру үшін департамент қызметкерлері күніне 5 минуттан 2 рет жаттығу жасайды. Яғни, бұл үрдіс қаржылық және уақыт шығындарын талап етпейді, - дейді ол.

Физикалық жаттығулар дененің шымыр, деннің сау болуына, шаршағанды жеңуге көмектеседі. Ал, бұл үрдіс күнделікті жұмыспен ұштастырылса, ағзаға тиер пайда да зор. Бой мен көңіл-күйдің сергектігі еңбек өнімділігіне де тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Ал, сіз физикалық жаттығуларды жасайсыз ба?

МЕНШІК ИЕСІ:  
«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ

**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Шығарушы:  
**қоғаммен байланыс қызметі**

Бас редактор:

**Айгүл Ертлеуова**



<https://www.facebook.com/100016808373445>



[https://www.instagram.com/ao\\_embamunaigas](https://www.instagram.com/ao_embamunaigas)



<https://t.me/embamunaigaz>



[www.emba.kz](http://www.emba.kz)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ** – «Ембімұнайгаз»

АҚ Басқарма төрағасы; **Айболат**

**ГАБДУЛЛИН** – Басқарма төрағасының

өндіріс жөніндегі орынбасары; **Қайрат**

**ӘДІЛБЕКОВ** – Басқарма төрағасының

геология және кен орындарын игеру

жөніндегі орынбасары; **Бауыржан**

**БАЛЖАНОВ** – Басқарма төрағасының

бизнесі дамыту жөніндегі орынбасары;

**Сәлімжан НАҚПАЕВ** – Басқарма

төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары; **Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА**

– қызметкерлерді басқару және еңбекке

ақы төлеу департаментінің директоры;

**Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА** – қоғаммен

байланыс қызметінің жетекшісі

ХАТ-МАТЕРИАЛДАРЫҢЫЗДЫ  
ТӨМЕНДЕГІ МЕКЕН-ЖАЙҒА  
ЖІБЕРЕ АЛАСЫЗДАР:

**Атырау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 1-үй, ЕМГ АҚ бас кеңсесі, 105 кабинет**

**Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА**

8 (7122) 99-34-77

[L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz](mailto:L.Suleimenova@emg.kmgcp.kz)

**Ғалия ҚАРАЖАНОВА**

8 (7122) 99-34-21,

[G.Karajanova@emg.kmgcp.kz](mailto:G.Karajanova@emg.kmgcp.kz)

**Айгүл ЕРТЛЕУОВА**

8 (7122) 99-32-09,

[A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz](mailto:A.Ertleuova@emg.kmgcp.kz)